

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BAOL7210>

**\*К. Кудеринова<sup>1</sup>, Ә. Қожахмет<sup>2</sup>**

<sup>1,2</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5946-9397>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-1871-0166>

\*e-mail: [kuderinova\\_70@mail.ru](mailto:kuderinova_70@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АУЫЗША КОРПУСЫ ЖӘНЕ АУЫЗША ТІЛ**

*Мақала А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 2022–2024 жылдарға арналған «Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы ретіндегі Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу: ғылыми-зерттеу және оқыту Интернет-ресурсы» атты гранттық тақырып бойынша алғаш рет жоспарланып отырған қазақтың ауызша тілінің ішкорпусына алынатын мәтіндердің сипатына арналады. Ауызша тілдің іш корпусына күнделікті тұрмыстық қатынастағы ауызекі сөйлеу стилі (үй іші, отбасы, туған-туыс, көршілер арасындағы диалогтер, дүкен, көлік, қоғамдық орындардағы тілдесулер, бейресми сипаттағы телефон арқылы сөйлесулер), бейресми әңгіме, сұхбаттардағы машықсыз, дәстүрлі сөйлеулер, ауызша шаршысөз, дәріс, конференция, дөңгелек үстел, кеңес, семинар, сұхбаттардағы алдын ала жоспарланған тақырыпқа сөйленген сөздер, кино, сахналық қойылымдағы дискурстар, ауызша сөйленген машықты, машықсыз діни дискурстар, теле-радиоадағы алдын ала тақырыбы белгілі бағдарламалардағы машықсыз сөздер алыну қажеттігі дәлелденеді. Себебі машықсыз сөйлеу тілі шынайы, табиғи тіл болып табылады. Осыған байланысты мақалада ауызекі сөйлеу тілінің ұлттық ерекшелігі сипатталады. Ол үшін мақалада бірыңғай қазақ ұлты қоныстанған өңірлердегі жасы үлкен қариялардың дәстүрлі сөйлеу тілі талданады. Ауызекі сөйлеу тілінде қазіргі қазақ сөздіктеріне енген тілдік қолданыстар, ерекше оралымдар көптеп кездесетіні дәлелденеді. Сол себепті жазба мәтінді дыбыстау, олең, қара сөзді жатқа оқу, ақпараттық хабарлардағы жазылған мәтінді оқып беретін ауызша сөздер ауызша*

*тілдің корпусына алынбайтыны айтылады. Сөйлеу тілі – сол ұлттың сөйлеу дәстүріне табан тірейтін, сөйлеу дәстүрін танытатын тіл болғандықтан, бұл мәтіндер ұлттық корпусының мазмұнын байытатын мәтіндер деген қорытынды шығарылады.*

*Кілтті сөздер: ауызша тіл, ауызша тіл корпусы, ауызекі сөйлеу тілі, тілдік қолданыстар, машықсыз сөз, машықты сөз, сұхбаттар.*

### **Кіріспе**

Қазақстанда қазақ тілінің ұлттық корпусы енді қолға алынып жатқан жылдары осы саланың мамандары «корпус құрастыру ісін орталықтандырып, үлкен күшпен мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетін болса, мынадай корпус түрлерін жасап шығуға болар еді.

Қазақша сөйлеу тілі жазбасының (мәтінінің) жеке корпусы (орыс тілінің «Корпус живой русской речи» тәріздес); қазақ тілінің поэтикалық мәтіндерінің жеке корпусы (орыс тілінің «Корпус русских поэтических текстов» тәріздес) [1, 60-б.] деп, нақты санамалап, бағдарлама түрінде ұлттық корпус түрлерін жоспарлаған екен.

Соның ішінде қазақ тілі ұлттық корпусының маңызды бір құрамдас бөлігі ауызша сөздің корпусы болып табылатыны сөзсіз. Оның себебі ауызша тіл – жазба тілге қарағанда аса мобильді, жанды, қоғам мен ортаның өзгерістерін, сол тілде сөйлеушілердің санасы мен құндылықтарындағы дамуды, сөз мағыналарының өзгерістерін, үдерістерін көрсететін, жаңа лексемалар тудыратын еркін, тәуелсіз, бірақ тұтынушыға ең жақын коммуникация құралы және алаңы. Ауызша тілдің сапасы, ауызша тілдегі өзгерістер жалпы ұлттық тілдің дамуы мен жетілуіне әсер етеді. Әдеби тілдің нормаларын бұзады, коммуникацияны икемді ететін жаңа нормалардың жасалуына негіз болады.

Сондықтан тілдің ұлттық корпусы ауызша тілдің корпусынсыз толыққанды бола бермейді, тілдің шынайы, табиғи көрінісін бере алмайды.

Алайда тіл-тілде ауызша тілдің корпусын жасаудың қиындығы бар. Сондықтан ауызша тіл корпусы барлық корпусстардың аз бөлігін қамтиды. Мысалы, «орыс тілінің Ұлттық корпусы құрамында 2008 жылдың қаңтарында бар болғаны 3,9 % ауызша мәтін болды. Онда бұқаралық сөйлеу (публичная речь) (64,3 %), бұқаралық емес сөйлеу (непубличная речь) (8,1 %), кино сөзі (27,6 %)» болды дейді А.Жұбанов, А.Жаңабековалар [1, 57-б.]. Британ ұлттық корпусында (BNC) ауызша тіл корпусы 10 %-ын ғана алады. Ал түрік тілінің 1990 ж бермен қарайғы кезеңді қамтитын ұлттық корпусында (TNC) ауызша корпус бар болғаны 2%-ын құрады.

Ал француз тілінің ұлттық корпусындағы ауызша мәтіннің синтаксистік және стилистикалық белгілеуіне қатысты артықшылықтары мен мүмкін болатын кемшіліктері бағаланатын зерттеулер жарық көріп жатыр [2; 3].

Сондай-ақ британ корпусына енген ауызша мәтіндердің стихиялық құрылымын қабылдауды жеңілдету логикасын қарастыратын зерттеулер бар. Мақала авторының айтуы бойынша, 2012-2016 жылдары Ұлыбританияның түкпір-түкпірінен келген L1 Британдық ағылшын тілінде сөйлейтіндер арасындағы 11,5 миллион сөзден тұратын Британдық Ұлттық корпус пайда болған [2; 4].

Ал қазақ тілі ұлттық корпусында ауызша тілдің ішкорпусы жасақталмаған еді. Сол себепті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш рет ауызша тілдің ішкорпусын жасау қолға алынған еді.

Осыған орай, тақырып орындаушылары – Тіл білімі институты қызметкерлері, алдымен, ауызша тіл дегеніміз не? ауызша тілдің мәтіндеріне нені жатқызамыз? ауызша тілдің мәтіндерін жинау тәсілі қандай? ауызша тілдің жазбаға түскендегі тілдік жүйе мен құрылымға қайшы келетін «жүйесіз», «нормасыз» сипатынан ішкорпусқа қажетті деректерді қалай шығарамыз? ауызша тілдің түрлері қандай деген сұрауларға жауап іздеуден бастады.

Сол себепті бұл мақаланы жазудың **негізгі мақсаты** қазіргі қазақ ауызша тілінің түрлерін, оның ішінде ауызекі сөйлеу тілінің ұлттық ерекшелігін сипаттау болды.

### **Материалдар мен әдістері**

Зерттеу корпусқа салынуға тиісті ауызша тіл материалдарын игеру, ауызша сөйленген сөздердің транскрибациясын, стенограммасын, сөзжазбасын алудан басталды. Ауызша тіл деп айту және сөйлеу арқылы жарыққа шығатын, тыңдайтын аудиторияға бағытталған тілдік коммуникацияны алдық. Ауызша тіл, алдымен, әлеуметтік орта мүшелерінің коммуникативті дйттеміне қызмет ететін басты тілдік құрал ретінде алынды.

Ауызша тіл – уақыт пен кеңістік жағынан мобилді, айтылған сөзді сол мезетте сол қалпында қайталау мүмкіндігі жоқ тіл [5, 82-б.]. Ауызша тілде, ең алдымен, сөз экономиясы болады [6, 87-б.]. Ол: коммуниканттардың паралингвистикалық, экстралингвистикалық, суперсегментті тәсілдер қорына: интонация, жест, тон, темп, мимика, затты көрсете алу, имплицитті семантика, фонға ие болуынан; конситуация коммуникацияның толық мүшесі болуы, қоғамдық-әлеуметтік контекстің болуынан [7, 17-б.]; осыған байланысты сөздердің семантикалық байланысының күштілігі, морфологиялық формасыз, шылауларсыз байланыса беруінен [8, 17-б.]; аналитизм, инверсияның күштілігінен; коммуниканттардың санасында вербалданбайтын жасырын мазмұнның болуынан және көбінесе аялық

білім қоры ортақ коммуниканттардың сөзі болып табылатынынан шығады [9, 25-б.].

Ауызша тіл жазба тілден тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады: ауызша тілдің синтаксистік құрылымы тілдік тәсілдерге қарағанда логикаға құрылады. Себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еркілігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актіге дайындықсыз кірісіп кетуі бар [10]. Ауызша тілде жаңа сөздер, грамматикалық формалардың жаңа жұмсалымы көп болады.

Ауызша тілді тілтұнушысының қолдануына қарай таныс ортада: 1) ауызекі сөйлеу тілі таныс-бейтаныс ортада: 2) сөйлеу тілі немесе бейтарап сөйлеу тілі, 3) бейтаныс ортада: ауызша әдеби тіл (ауызша ғылыми тіл, ауызша іскери тіл, ауызша кәсіби тіл, діни сөз, ауызша шаршысөз, ауызша көркемсөз) деген түрлерін бөлеміз.

Ауызекі сөйлеу тілі – таныс ортадағы тұрмыстық қатынаста қолданылатын, тілдік қарым-қатынастың ең ілкі және өте өзгерімпаз түрі. Зерттеуде ауызша сөздің жазба нұсқасын талдау, сипаттау әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жасалып жатқан ұлттық корпус құрамына институт директоры Анар Фазылжанованың бастамасымен бірнеше ішкорпустар енгізіліп жатыр. Олардың бірнешеуі мыналар: тарихи мәтіндер ішкорпусы, ономастикалық атаулар ішкорпусы, ауызша тілдің ішкорпусы, параллель мәтіндер ішкорпусы, мәдени бірліктер ішкорпусы және т. б.

Ауызша тілдің ішкорпусы қазіргі қазақ тілінде сөйленген ауызекі, сөйлеу стильдерінде, шаршысөз, көсемсөз, ғылыми сөз, іскери сөз стильдерінде жарыққа шыққан, аудиосы бар сөздердің қоры жинақталған ішкорпус болып табылады.

Шетел ғалымдары ауызша корпустың екі типі бар деген: бірі – дыбысталған мәтін (кітапты дауыстап оқу, оқылған жаңалықтар мәтіні), екіншісі – машықсыз сөз, яғни дайындықсыз сөйленген сөз (екі не одан да көп адамның әңгімесі, бір адамның ауызша сұхбаты) [11, 23-б.].

Жұмыс басталғанда алдымен осы типтердің қайсысы корпусқа алынады деген сауал тұрды. Өйткені алынатын сөздер белгілі бір мақсатқа сай болуы қажет. Ал қазақ ұлттық корпусында ауызша тілдің корпусы болуының мақсаты қазақ тілінің қолданыстағы күйін тану, зерттеу, меңгертуде есте болатын тұстардың әдістемесін шығару деп ойлаймыз. Өйткені ағылшын тілін үйретуде ауызша корпусты пайдалану тәжірибесі ертеден қолданылады [12, 58-б.].

Сонда ауызша тілдің ішкорпусына ауызша машықсыз сөздер, ауызша аудиторияға қызмет еткен барлық стильдегі сөздер алынатын болды. Ал жазылған мәтін, оқылған, жазба тілмен сөйленген сөздер алынбады.

Осы тұрғыда ауызша корпусының метабелгіленімі жасалды.

Ең алдымен, сұхбат беруші, яғни сөйлеушінің аты-жөні берілетін болды. Яғни ішкорпусқа авторсыз емес, авторлы, тұлғасы бар сөздер алынды. Өйткені аты-жөні берілген сөздің басқа да параметрлері беріле алады. Мысалы, сұхбат берушінің жынысы, сұхбат берушінің туған жылы, мамандығы ауызша сөзді зерттеушілер үшін қажетті ақпараттар мен параметрлер болып табылады. Әсіресе сөздің лингвоәлеуметтік факторы сөздің сапасы мен ерекшелігіне тікелей әсер етеді. Сол себепті сөз авторының тұратын аймағы (қала тұрғыны, ауылдық жердің тұрғыны екендігі, Қазақстанның батысы, Қазақстанның шығысы, Қазақстанның оңтүстігі, Қазақстанның солтүстігінен екендігі немесе қазақ тілінің аймақтық түрі болып табылатын Баян-Өлгей аймағы, Шыңжаң өлкесі, Түркия не Ресейде тұрған болуы) міндетті түрде талдауға алынады. Метабелгіленімде көрсетіледі. Сонымен бірге сөз авторының жазба тілді білу, білмеуі, өзге тілдерді қолдану деңгейі, мысалы, таза қазақтілді болуы немесе екітілді, не көптілді болуы, сондай-ақ жас, жасы үлкен қария кісі болуы сөз сапасына әсер етеді.

Метабелгіленімде сөздің сөйленген уақыты, сөздің ұзақтығы берілуі сөздің уақыт өлшемі бойынша өзгеру сипатын, норма мен дағдыға қатысты анықтаулар жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ауызша тіл ішкорпусында классик жазушылар Ғ. Мүсірепов, М. Әуезов, С. Мұқановтардың ауызша сөздері бар. Бұл сөздер М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды. Осындай құнды дүниелерді сақтап келген институт басшылығына алғысымыз шексіз.

Сонымен бірге сөйленген сөздің мынадай тақырыптары қамтылды: өмірбаян, тарих, білім, мәдениет, саясат, дін, әдебиет, дәстүр, тіл білімі, ғылым және т.б.

Ауызша сөздің конситуациясы, яғни сөз жағдаяты маңызды [14, 63-б.]. Сондықтан сөздің телеканал, телефон, уотсап желісі, инстаграмм, фейсбук, әлеужелі каналы, жиналыс мінбері, дәрісхана, мерейтой, ас-садақа, отбасылық мереке (той, тілеу), шай үстінде, театрда, студия, конференцияларда сөйленген барлық түрлері алынды.

Және ең бастысы сөйленген сөздің стильдері оның қарапайым-тұрмыстық, сөйлеу, шаршысөз стилі, көркемсөз стилі, ғылыми стилі, іскери стиль, діни стиль болуы да зерттеушілер үшін жаңа тұжырымдар әкелетін нысандар болып табылады. Сондай-ақ оқылған мәтін, баяндама түрінде дыбысталған ауызша сөздер де ішкорпусқа алынады.

Адам өзінің МЕН-і мен МЕН-іне жақын айнала ішінде жеке тұлғасын қалыптастырады. Бейресми орта адамның шынайы болмысы мен табиғатын танытады. Бейресми ортада коммуникацияға түсетін тұлғалар туыстық, тұрмыстық, әріптестік, кейде қызметтестік контекст арқылы өзара тілсіз түсінушілігі басым болады. Адам өзіне ең жақын отбасы, бір үйде тұратын адамдарымен қарым-қатынас кезінде тіпті тілдік коммуникацияны өте аз қолданады, кейде тіпті қолданбайды деуге болады.

Ауызша тілдің корпусын жасаудағы басты мақсат қазақ тілінде дұрыс сөйлеу және қазақ тілінің сөзсаптамын зерттеуге материалдар жинау болатын болса, онда дәл осы кезеңдерде тұрмыстық қатынастағы қысқа-қысқа ауызекі диалогтерді емес және ресмиге жақын сипаттағы телесұхбат, пікірлер емес, дәріс, конференция, семинар, дөңгелек үстелдерде сөйленген сөз, монологтер емес және бастысы қазір көп кездесетін қате сөйленген сөздерді емес, бейресми жағдайдағы қарапайым әңгімелерді, дәстүрлі әңгіме айту машығындағы сөздерді жинау дұрыс болады деп ойлаймыз. Ауызша сөйленген сөздердің барлығын корпусқа салып, мына сияқты түсініксіз мәтіндерден зерттеу нысанын табуға болмайды. Мысалы: *Өткөнжол ол айтты/ жұмұшишұ тұуралы да//, тыңдадық/ иши сол ..... аяқ кезінде [...]* жаңағы йскертпелерден гейін//, содаң гейін енді//, жаңағы қосұмша сөз айттық сынды//, қалай/ не жасадық деген мәселе//, енді ііііі ымммм кәзір біз енді// [...].

Сөйлеу тілі дегенде жоғарыдағыдай «аузынан сөзі түскен» мәтіндер емес, тіл ұстарманның тұрмыстық санасын жарыққа шығаруға қызмет ететін, танытатын, түсінікті сөз стилін аламыз.

Сөйлеу тілі – сөйлеушінің тұлғасына жақын, сөйлеушінің тұлғасын танытатын тіл болады, сондай-ақ сол ұлттың сөйлеу дәстүріне табан тірейтін, сөйлеу дәстүрін танытатын да сөйлеу стилі болып табылады. Сондықтан сөйлеу тілінің мәтіндері ұлттық корпусстың мазмұнын байытатын мәтіндер болады. Ұлттық сөзсаптам ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық сөзсаптам үлгілерін беретін тіл болады.

Қазіргі өзге тілдің сөйлеу стилі араласқан, сөйлем құру, сөз тіркестіру амалдары еніп кеткен қазақ тілінің «бөгделенген» қолданысын түзеу үшін де, дәстүрлі сөзсаптам ерекшеліктерін зерттеу үшін де ауызша тіл корпусында дәстүрлі сөйлеу тілінің мәтіндері көптеп алынуы қажет.

Тіпті арнайы «дәстүрлі сөйлеу тілі» деген ішкорпустың болуы керек деп ойлаймыз. Дәстүрлі сөйлеу тілін үлгі етуді қойсақ, одан көз жазсақ, әдеби тілдің табиғаты өзгере бастайды.

Ауызша тілдің іш корпусында, әсіресе ауыл қазақтарының ауызекі сөйлеу тілі, ақсақалдардың сөзсаптамы көптеп енгізілуі қажет. Ол үшін әлі де кеш болмай тұрғанда, мысалы, «Қазақ тілі дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің



прагматикасы» атты мемлекеттік грант аясында бірыңғай қазақы ортасы бар елдімекендерге ұйымдастырылған іссапарлар сияқты ғылыми экспедициялар жасалуы қажет.

Мысалы, сол іссапарлардың бірінде жазылып алынған Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Айшуақ ауылының Қобылашев Әбдіраш деген мал дәрігері болып жұмыс істеген 80 жастағы ақсақалының екеуара әңгімесінен үзінді алып көрейік: *Отырған о жеріңде // орталыққа / бір ықпалың болғу керек /// тәрбійең болғу керек /// ақылыңнан тәрбійең болғу керек //жүргөн жүрүсүңнен тәрбие болғу керек /// орта көргөндігің белгілі боп тұрғуы керек /// не босса ана/ана көпшіліктің көзүне айта бермеу керек/// әр әңгіме әркімге айтатын өлшем бар / сол өлшеммен айтқу керек ///көрдүңүз ба?/// ол әлгі мен сөз білед екем деп/// не тыңдамайтын жерге сөздү сұхпау керек /// керег жоқ оған е-ең тийімдісі аузыңды баққан ол арада/// пәлеңшең бүй деп айтты дегізгеннен // Әдімандай балалы бол деген / Әдіман::: соғезде баланың аз кезі ед /// Әдіман оқұтқушы//жеті балалы болған // сондұқтан: Әдімандай балалы бол дедім ///жеті бала ғой енді//о гезде бала аз /// Әйнектей құу бол дегенім// құу адам ед // Карол дейтін ед //сақалы үлкөн // құу // өте құу адам ед // құу //өзү менің жездем ед /// Әйнектей құу бол/// Әдімандай балалы бол/// Өтәлідәй у бол дейтінім оның тілі ашыы адам ед/// оның кәзір бір/екі мысалын айтам ///ол құу // ашшед // сондұқтан Өтәлідәй ұу бол//Қайтадан тыңда/// Керімбайдай беріш бол істеген ісіне, қылуасына ыңғәйлы// кімдей // Ілійәстәй ергіш бол, істеген ісіне қылуасына белгілі/// Әдімандай балалы бол / бала көп // Сыдықтай саналы бол тәрбійелі қазақ тілінің оқұтқушысы тәлім/тәрбійесі жүрт/жүртшысы соны бөлөк Әйнектей ұу бол, ұу - отырған жері ///құу ол құу // құу // құу // Өтәлідәй ұу бол //ұу // ұу ол жәңәгі қайдағы пәлені айтад/// Мысал айтсам: Қалбек дейтін қалық бірмен / бірі / отбасы отұрұп қалжыңдасад /// отбасы отұрұп қалжыңдасад /// бірімен / бірі /// ол аямайд // мінің гөрсө бірінің бірі::: бірәқ үшүншү біреу гелсе // ол әңгіме қалад /// шатасып отқанда да сырын байқатпайд /// Пұсұрман дейтін әкеміз/дің алты баласы болған /// жүрт білмей не босса сон айтад/// алты баласы болған // жоқ Бес пұсұрман дейд/// /жо:қ Пұсұрман бесеу емес, алтау Қалбек//Қарабас//Өмір//Жарас//Темір/// көрдіңізба?/ Білмейд///көпшілігі Өмір менен Темір аз үй болған // мүсәпірлеу болған сексен деген кісі/сексен деген кісі.*

Бұл үйде, шай үстінде екеуара отырып, алдын ала дайындықсыз, машықсыз айтылған әңгіме болатын. Ақсақал әңгіменің таспаға жазылып жатқанын, бұл жазбаның белгілі бір мақсатта пайдаланылатынын сезіп отырды. Алайда сөздің тілдік сипаты емес, мазмұны, тарихи дерегі маңызды болады деген оймен, өзінің сөзсаптамын қадағаламады. Сол кезде, керісінше, сөзі еркін, табиғи шықты.

Үш сағаттық сұхбаттасу аудиотаспадан өзгеріссіз жазбаға түсіріліп, мүмкіндігінше фонетикалық транскрипциясымен берілді. Сұхбаттасқан уақытта сөз өте әсерлі, түсінікті, нақты болды. Оған бірден-бір әсер еткен сөйлеушінің интонация реңктерін шебер пайдалана білуі және мақсатты қайталаулар жасауы, сондай-ақ әр сөзін түсіндіріп отыруы болды деп ойлаймыз.

Сонымен бірге әдеби тілдің сөздіктерінде тіркелмеген тіркестер, жаңа мағыналар байқалды. Қазақ сөздік қорын байытатын, ұлттық сөйлеу тілінің белсенді қолданыстары шықты. Мысалы, *орта көргәндік (тәрбиелілік, әдептілік, оқыған), отырған жер (елмен сөйлесіп, араласқан орта), сөз сұқпау (сөйлемеу), ауызыңды бағу (ауыз баққан деген біреудің сөзін аңду, өсек теру деген мағына бар еді, мұнда 2-жақпен айтылып, ауызыңды жауып отыру, үндемеу деген мағынада қолданылды), әңгіме өлшемi (сөз нормасы), мысалын айту (дәлел келтіру), қылуасы (әдеті), қайдағы бәле (небір қызық), халық (ру), отбасы отыру (отбасы мүшелерінен басқа ешкім жоқ кез), әңгіме қалу (тыныштала қалу, басқа әңгімеге көшу), шатасу (ұрғысу, дауласу, төбелесу), не болса, соны айту (аузына не келсе, соны сөйлеу), аз үй (аз гана)* деген сияқты сұхбаттың жанын кіргізіп отырған көптеген тіркестер ана тіліміздің байлығы болар еді.

Бұрынғы уақытта адамдар өзіне ет жақын ортамен етене қатынаста болған. Әулет болып, бір ауылда тұрған. Сол кеңістіктен ұзай қоймаған. Үй-іші, әулет, туған-туыс, көрші-қолаң, құрбы-құрдас, ауыл адамдары сияқты әбден таныс ортада қазақтың дәстүрлі сөйлеу тілі басты коммуникативтік құрал болды. Алайда заман өзгеріп, тума-туыс бірыңғай отыратын қазақы ауылдың ішіне өзге рудың, бөтен ұлттың адамдары «келіп кіріскен» (А.Байтұрсынұлының сөзі) заманда, қоғамдық формация ауысып, әлеуметтік-тұрмыстық, еңбек қатынастары өзгерген тұста дәстүрлі ауызекі сөйлеу тіліне де өзгерістер ене бастады. Таныс орта енді таныс-бейтаныс ортаға айналып, тілдік жағдаят басқашаланды.

Экспедиция арқылы материалдар жинап, оны аудионұсқасымен бірге жазба нұсқаға түсіріп, ауызша корпуста енгізіп, зерттеуге де, қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге де үйрететін мазмұнды қор жинауға болады.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала ЖТН BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты мақсатты қаржыландырылған грант жобасы аясында жазылды.

### **Қорытынды**

Сөйтіп, ауызша тілдің ішқорпусына: 1) күнделікті тұрмыстық қатынастағы ауызекі сөйлеу стилі (үй іші, отбасы, туған-туыс, көршілер арасындағы диалогтер, дүкен, көлік, қоғамдық орындардағы тілдесулер,

бейресми сипаттағы телефон арқылы сөйлесулер), 2) бейресми әңгіме, сұхбаттардағы машықсыз, дәстүрлі сөйлеулер, 3) ауызша шаршысөз, дәріс, конференция, дөңгелек үстел, кеңес, семинар, сұхбаттардағы алдын ала жоспарланған тақырыпқа сөйленген сөздер, 4) кино, сахналық қойылымдағы дискурстар, 5) ауызша сөйленген машықты, машықсыз діни дискурстар, 6) теле-радиодағы алдын ала тақырыбы белгілі бағдарламалардағы машықсыз сөздер алынады. Ал жазба мәтінді дыбыстау, өлең, қара сөзді жатқа оқу, ақпараттық хабарлардағы жазылған мәтінді оқып беретін ауызша сөздер бұл корпусқа әзірге алынбайды. Ал аталған тақырып бойынша 1) бейресми әңгіме, сұхбаттардағы машықсыз, дәстүрлі сөйлеулер, 2) ауызша шаршысөз, дәріс, конференция, дөңгелек үстел, кеңес, семинар, сұхбаттардағы алдын ала жоспарланған тақырыпқа сөйленген сөздер жиналып, транскрипциясы жасалып, енгізіледі.

Ауызша тіл корпусының беретін сандық және сапалық ғылыми ақпараты көп болады деген ойдамыз.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жұбанов, А. Қ., Жаңабекова, А. Ә.** Корпустық лингвистика. – Алматы : «Қазақ тілі» баспасы, 2017. – 336 б.

2 **Carruthers, J.** Annotating an oral corpus using the Text Encoding Initiative. Methodology, problems, solutions I. – Cambridge University Press Publishers, 2008.

3 **Love, R., Dembry, K., Hardie A., Brezina V., Tony McEnery, T.** The Spoken BNC2014. – John Benjamins Press Publishers, 2017.

4 **Finegan, E.** Language: its structure and use. – N. Y. : Harcourt Brace College Publishers, 2004. – P. 24–25.

5 **Выготский, Л. С.** Избранные психологические исследования. Мышление и речь. Проблема психологического развитие ребенка. – М., 1956. – 519 с.

6 **Амирова, Т. А.** Функциональная взаимосвязь письменного и звукового языка. – М., 1985. – 283 с.

7 **Амиров, Р.** Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. – Алма-Ата, 1972. – 180 с.

8 **Кудеринова, Қ.** Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы, 2010.

9 **Кудеринова, К. Б.** Ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің маңызы // БҚМУ Хабаршысы. – 2016. № 4.

10 **Львов, М. Р.** Основы теории речи. – М, 2002. – 248 с.

11 **Richey, C.** Speech Corpora. – 2020.

12 **Li, H.** Small Spoken Corpus and Oral English Classroom. 3rd International Conference on Science and Social Research (ICSSR 2014). – 2014.

13 Русская разговорная речь. Фонетика. Морфология. Лексика. Жест. – М. : Наука, 1983. – 236 с.

### References

1 **Jūbanov, A. Q., Jañabekova, A. Ä.** Korpustyq lingvistika. [Corpus linguistics] – Almaty : publishing house «Kazakh Tili», 2017. – 336 p.

2 **Carruthers, J.** Annotating an oral corpus using the Text Encoding Initiative. Methodology, problems, solutions<sup>1</sup>. – Cambridge University Press Publishers, 2008.

3 **Love, R., Dembry, K., Hardie A., Brezina V., Tony McEnery, T.** The Spoken BNC2014. – John Benjamins Press Publishers, 2017.

4 **Finegan, E.** Language: its structure and use. – N. Y. : Harcourt Brace College Publishers, 2004. – P. 24–25

5 **Vygotski, L. S.** İzbrannye psihologicheskie issledovania. Myšlenie i rech. Problema psihologicheskogo razvitie rebenka. [Selected psychological studies. Thinking and speech. The problem of psychological development of the child]. – M., 1956. – 519 p.

6 **Amirova, T. A.** Funkcionálnaia vzaimösváz pismennogo i zvukovogo iazyka [Functional relationship of written and sound language]. – M, 1985. – 283 p.

7 **Amirov, R.** Osobnosti sintaksisa kazahskoi razgovornoj rechi. [Features of the syntax of Kazakh colloquial speech]. – Alma-Ata, 1972. – 180 p.

8 **Kuderinova, Q.** Qazaq jazuynyñ teorialyq negizderi. [Theoretical foundations of Kazakh writing]. – Almaty, 2010.

9 **Kuderinova, Q. B.** Auyzeki söileu tilin zertteudñ mañyzy. [The importance of studying spoken language] // Bulletin of WKSU. – 2016. № 4.

10 **Lvov, M. R.** Osnovy teorii rechi. [Fundamentals of speech theory]. – M, 2002. – 248 p.

11 **Richey, C.** Speech Corpora. – 2020.

12 **Li, H.** Small Spoken Corpus and Oral English Classroom. 3rd International Conference on Science and Social Research (ICSSR 2014). – 2014.

13 Ruskaia razgovornaia rech. Fonetika. Morfologia. Leksika. [Russian colloquial speech. Phonetics. Morphology. Vocabulary]. Gesture. – M. : Nauka, 1983. – 236 p.

19.04.22 ж. баспаға түсті.

10.12.23 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*К. Кудеринова<sup>1</sup>, А. Қожахмет<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Институт языкознания им. А. Байтурсынова,

г. Алматы, Республика Казахстан;

Поступило в редакцию 19.04.22.

Поступило с исправлениями 10.12.23.

Принято в печать 25.11.24.

## УСТНЫЙ КОРПУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И УСТНЫЙ ЯЗЫК

*Статья посвящена описанию текстов, входящих в подкорпус казахского устного языка, впервые планируемых на 2022–2024 годы Институтом языкознания им. А. Байтурсынулы на грантовую тему «Разработка Национального корпуса казахского языка как информационно-инновационной базы государственного языка: научно-исследовательский и обучающий Интернет-ресурс». В статье обосновывается как в подкорпус казахского устного языка входят разговорные речи в повседневном бытовом общении (семейный дискурс, дискурс между родственниками, соседями, разговоры в магазине, транспорте, общественных местах, телефонные разговоры неофициального характера), спонтанные речи, неформальные беседы, разговоры, интервью, выступления, устные выступления на лекциях, на конференциях, за круглым столом, выступления на заранее спланированную тему на семинарах, интервью, кинодискурс, речи на сценических постановках, религиозные дискурсы. Так как спонтанный разговорный язык является подлинным, естественным языком любой национальности. В связи с этим в статье описываются национальные особенности разговорной речи. Для этого в статье анализируется традиционная речевая деятельность языка старшего поколения. Доказывается, что в разговорной речи встречается большое количество речевых употреблений, специфических оборотов, не вошедших в современные казахские словари.*

*Ключевые слова:* устный язык, корпус устного языка, разговорный язык, языковые употребления, спонтанная речь, неспонтанная речь, интервью.

\*К. Kuderinova<sup>1</sup>, А. Kozhakhmet<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>А. Baitursynov Institute of Linguistics,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 149.04.22.

Received in revised form 10.12.23.

Accepted for publication 25.11.24.

## ORAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE AND ORAL LANGUAGE

*The article is devoted to the description of texts included in the subcorpus of the Kazakh oral language, first planned for 2022-2024 by the Institute of Linguistics named after A. Baitursynuly on the grant topic “Development of the National corpus of the Kazakh language as an information and innovation base of the state language: a research and training Internet resource”. The article substantiates how the subcorpus of the Kazakh oral language includes colloquial speeches in everyday everyday communication (family discourse, discourse between relatives, neighbors, conversations in a store, transport, public places, informal telephone conversations), spontaneous speeches, informal conversations, conversations, interviews, speeches, oral speeches at lectures, at conferences, at round tables, speeches on a pre-planned topic in seminars, interviews, film discourses, speeches on stage productions, religious discourses. Because spontaneous spoken language is an authentic, natural language of any nationality. In this regard, the article describes the national peculiarities of colloquial speech. For this purpose, the article analyzes the traditional speech activity of the language of the older generation. It is proved that in colloquial speech there is a large number of speech uses, specific phrases that are not included in modern Kazakh dictionaries.*

*Keywords: oral language, corpus of oral language, spoken language, language uses, spontaneous speech, non-spontaneous speech, interview.*

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,57 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.  
Электронное издание  
4,57 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz